

Кімге: Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасына

Автор: Сайранов Мереке Қабиолдаұлы, Зайсан ауданы, Қаратал ауылдық округ әкімі.

Күні: 18.01.2025.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Зайсан ауданында егістік су тапшылығын шешудің жолдары

Кілт сөздер: Егістік су, ауыл шаруашылық, су тапшылығы, топырақ деградациясы, суару жүйелері, өнімділік, үнемдеу технологиялары, су ресурстары.

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, болжау, көрнекілік.

Кіріспе

Еліміз су ресурсы тапшы елдер санатына жатады. Қазақстанда географиялық тұрғыдан алғанда, табиғи су қоры өте аз және негізгі су ресурсының көзі шекаралас мемлекеттер аумағында орналасқан. Осындай жағдайларға себеп бола отырып, елімізде барлық қолжетімді су ресурсын бейберекет және үнемсіз пайдаланып отырған облыстар да бар. БҰҰ мәліметінше, бүгінде 2,2 миллиард адам таза ауыз суға қол жеткізе алмай отыр. Қауіпсіз су мен санитарияға қол жеткізу және тұщы су экожүйелерін ұтымды пайдалану адам денсаулығы, экологиялық тұрақтылық пен экономикалық өркендеу үшін үлкен маңызға ие. Бұл мәселені өзекті проблема ретінде ел Президенті стратегиялық құжаттарда да ерекше атап өтеді: «Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыпты құбылыс. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін», - деп көрсетеді [1].

Егістік су тапшылығын шешу ауыл шаруашылығындағы өнімділікті арттыруға үлкен ықпал етеді.

Егістік су - ауыл шаруашылық дақылдарын суаруға арналған су ресурстары. Суару жүйелері арқылы өсімдіктерге қажетті ылғал беріледі, бұл егіннің өнімділігі мен сапасына тікелей әсер етеді. Егістік суару негізінен табиғи су көздерінен (өзендер, көлдер, су қоймалары) немесе жер асты сулары арқылы жүзеге асырылады. Егістік су тапшылығын шешу ауыл шаруашылығының дамуына үлкен ықпал етеді. Зайсан ауданы бойынша 22734 гектар суармалы егістік жер бар. Оның ішінде Үйдене суландыру жүйесі арқылы 10251, Кендірлік суландыру жүйесі арқылы 11494 гектар егістік жер, Шілікті ауылдық округінде

Шаған-Оба өзені арқылы 499 гектар, Айнабұлақ ауылдық округінде Теректі өзені арқылы 487 гектар егістік жер сумен қамтамасыз етіледі. Кендірлік су жүйесімен 4 магистральдық канал арқылы суарылады: Жаңатоғам, Правая ветка, Левая ветка, Кәрітоғам арқылы қазіргі тағда 189 шаруа қожалығы 8491,4 гектар жерді игеруде.

Егістік судың қажеттілігі мен пайдасы ауылшаруашылық өндірісінің негізінде жатыр. Су-дақылдардың дұрыс өсуі, дамуы және жоғары өнім алу үшін қажетті басты ресурстың бірі.

Егістік судың қажеттілігі:

- 1.Өсімдіктердің өсуін қамтамасыз ету.
- 2.Суару кезінде топырақтың ылғалдылығын сақтау.
- 3.Климаттық жағдайларды реттеу.
- 4.Өнімділікті арттыру.

Егістік судың пайдасына тоқталсақ: Өнімділіктің жоғарылауы, ауылшаруашылықтың тұрақтылығы, топырақтың құнарлылығын сақтау, әртүрлі дақылдарды өсіруге мүмкіндік беру, экономикалық пайда.

Егістік су тапшылығы - бүгінгі таңда ауылшаруашылығын дамытуда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігі бірнеше факторға байланысты: Климаттық өзгерістер және құрғақшылық, ауылшаруашылығының өнімділігін сақтау, табиғи ресурстардың сарқылуы, экономикалық салдарлар, экологиялық қауіптер, жерді пайдалану және агротехникалық әдістердің жаңаруына алып келеді.

Аналитикалық жазбаның мақсаты - Зайсан ауданындағы егістік су тапшылығы мәселесіне қатысты негізгі проблемаларды анықтап, оны шешу үшін тиімді шешімдер мен стратегияларды ұсыну. Су тапшылығына қарсы күрес, тиімді суару жүйелерін енгізу, су қоймаларын салу және суды пайдалану мәдениетін қалыптастыру.

Негізгі бөлім

Егістік су тапшылығы ауыл шаруашылығында ең көп зиян келтіретін факторлардың бірі болып табылады, себебі ауыл шаруашылығы суға тәуелді сала болғандықтан, су тапшылығы тек экологиялық емес, әлеуметтік тұрғыдан да үлкен қиындықтар туғызуы мүмкін. Бұл ретте ел Президенті су тапшылығының жалғыз еліміз емес, Орта Азия халқының басты проблемасы екендігін атап өтеді: «Су тапшылығының артуы – Орталық Азия мемлекеттеріне ортақ мәселе. Суды үнемдеп пайдалану энергетика немесе көлік саласы сияқты аймақтағы ынтымақтастықтың тағы бір жаңа бағытына айналмақ. Үкіметке көрші елдермен бірлесіп, бұл мәселені жан-жақты пысықтауды тапсырамын» [1].


1.Суармалы егіншіліктің төмендеуі - су тапшылығы кезінде егістік жерлерді суару қиынға соғып, нәтижесінде өнімділік төмендейді.

2.Өсімдіктердің әртүрлілігі мен сапасы төмендеуі.

3.Топырақтың деградациясы-су тапшылығы топырақтың құрғақ болуына,тұздануына және эрозияға әкелуі мүмкін.

4.Қаржы шығындары-су тапшылығының әсерінен аграрийлер жаңар тылған суару жүйелеріне инвестиция жасауы керек немесе су үнемдейтін технологияларға көшу қажет, бұл қосымша қаржы шығындарын туғызады.

Сурет 1. Суармалы жерлер



Зайсан ауданында су тапшылығының бірнеше негізгі себептері бар:

1.Климаттың өзгеруі: жауын-шашынның азаюы,құрғақшылықтың жиілеуі.

2.Су ресурстарын тиімді пайдаланбау: суару жүйелерінің ескіргені және жаңартылмауы.

3.Табиғи ресурстардың сарқылуы:судың ауыл шаруашылығынан басқа салада қолданылысы.

4.Су сапасының нашарлауы:суармалы су көздерінің ластануы мен тұздануы.

Қорытынды

Егістік су тапшылығы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына қауіп төндіріп отыр.Тек кешенді және тиімді шаралар арқылы ғана су тапшылығының теріс әсерін азайтып,ауыл шаруашылығын сақтап қалуға болады.Аталған мәселелерді шешу үшін тиімді су пайдалану стратегиялары мен жаңартылған технологиялар қажет.

Ұсынылатын шешімдер / Ұсыныстар

Бұл проблемаларды жеңу үшін:

1.Тиімді суару жүйелерін енгізу:тамшылатып суару,жаңбырлатып суару және су үнемдейтін басқа технологияларды қолдану.

2.Кендірлік өзенінің бойына Қарашоқы су қоймасын (платина) салу.

3.Су үнемдеу технологияларын қолдану.

4. Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және климаттық өзгерістерге бейімделу қажет.

5. Аграрлық білім беру мен инновациялар: фермерлерге заманауи технологиялар мен әдістерді үйрету, оларды су үнемдеу мен тиімді пайдалану мәселелерін оқыту.

Келешекте бюджеттен қаражат бөлініп, осы аталған ұсыныстар жүзеге асып жатса, Зайсан ауданында егін шаруашылығының дамуына пайдасы орасан зор болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2023 // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>

2. Зайсан ауданы бойынша ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің сайты: auyl_sharuashylygy.zaisan

3. Суармалы жерлер. <https://stat.gov.kz/>